

**«8D02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Монтанай Элмира Өзімбайқызының «Қазақ және түрік этностарының ұлттық киім дискурсын қалыптастырудағы лингвомәдени
компоненттер» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШІКІРІ

Р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Монтанай Элмира Өзімбайқызының «Қазақ және түрік этностарының ұлттық киім дискурсын қалыптастырудағы лингвомәдени компоненттер» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді. Атап айтқанда: «ҚР жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдама») ҚР Үкіметінің (2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысының) «Ғылым» жөніндегі 3 тарауының мақсаттарына сәйкес келеді. Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған мәдени саясат тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің (2023 жылғы 28 наурыздағы №250 қаулысы) мақсаты мен міндеттеріне» Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдарға арналған келесі ғылыми дамуының басым бағытына сәйкес: - «Білім беру мен ғылым саласындағы зерттеулер» - «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер»
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету): 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету):	

		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Ғылыми жұмыс ғылымның және білім берудің негізгі трендтеріне сәйкес әзірленген.
2.	Ғылым үшін маныздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маныздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы ғылымға елеулі үлес қосады, себебі ол қазақ және түрік этностарының ұлттық киім-дискүресін лингвомәдени аспектіде алғаш рет салыстырмалы түрде кешенді талдауға ұмтылған. Зерттеу нәтижесінде ұлттық киім лексикасының семантикалық, символдық және мәдени мәндері анықталып, этностық таным мен тілдік бейенің арақатынасы жаңа қырынан қарастырылған. Бұл лингвомәдениеттану, этнолингвистика және түркітану ғылымдары үшін өзекті әрі практикалық маңызды бар жаңалық болып табылады. Жұмыстың маныздылығы айқын ашылған және болашақ зерттеулерге негіз бола алады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Өзі жазу принципі: Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен құрылымына, зерттеу логикасына және дереккөздерді игеруіне сүйене отырып, жұмыстың өзі жазу деңгейі – жоғары деп бағаланады. Автор зерттеу мәселесін дербес игеріп, ғылыми тұжырымдар мен пайымдауларды өз стилінде жүйелі түрде баяндаған. Плагиаттық немесе бөтен мәтін фрагменттерін орынсыз қолдану белгілері байқалмайды. Бұл ғылыми ізденістің авторлық сипатта жүргізілгенін көрсетеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың тақырыбы заманауи ғылымдағы этномәдени және лингвомәдени мәселелермен тығыз байланысты. Ұлттық киім-дискүресін тілдік және мәдени тұрғыдан зерттеу - жаһандану жағдайында ұлттық код пен мәдени

	4.2. Диссертация мазмұны диссертация тақырыбына айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Мұраны сақтаудың маңызды тегі ретінде қарастырылып отыр. Автор қазіргі ғылыми трендтерге, теориялық негіздер мен практикалық сұранысқа сүйене отырып, зерттеу өзектілігін нақты өрі жүйелі түрде дәлелдей алған. Осыған орай, диссертация өзектілігінің негіздемесі – негізделген деп бағаланады.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеу жұмысының мақсаты нақты қойылып, тақырып аясындағы өзекті ғылыми мәселені шешуге бағытталған. Міндеттері мақсатқа қол жеткізу жолдарын кезең-кезеңімен нақтылайды және олар диссертацияның жалпы құрылымымен логикалық бірлік құрайды. Мақсат пен міндеттер қазақ және түрік этностарының ұлттық киім-дискүрсын лингвомәдени тұрғыда салыстырмалы зерттеу талабына толық сай келеді. Осыған орай, мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді деп бағаланады.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан;	Диссертациялық жұмыстың кіріспесі, негізгі және қорытынды бөлімдері өзара мазмұндық және логикалық сабақтастықта құрылған. Зерттеу мақсаты мен міндеттерінен бастап, теориялық негіздеме,

	3) байланыс жоқ.	деректерді талдау және алынған нәтижелер арасында жүйелі байланыс сақталған. Әрбір бөлім алдыңғы бөліммен қисынды түрде жалғасып, ғылыми аргументация мен тұжырымдар бірізділікпен баяндалған. Осыған байланысты, диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері толық логикалық байланысқан деп сенімді түрде айтуға болады Диссертациялық жұмыста Монтанай Элимира Әзімбайқызы ұлттық киім дискурсын лингвомәдени тұрғыдан талдауда жана көзқарастар мен ғылыми қағидағтарды ұсына отырып, оларды нақты деректермен негіздей алған. Автордың ұсынған шешімдері мен тұжырымдары бұрынғы зерттеулермен салыстырылып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары көрсетілген. Бұған қоса, ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, өзіндік пайымдаулар мен сыни тұрғыдағы талдау жүргізілген. Осыған байланысты, сыни талдау бар деп бағаланады. <i>Диссертациялық жұмыстың жаңашылдық дәрежесі мен жоғарғы нәтижелері:</i> Қазақ және түрік этностарының ұлттық киімдеріне қатысты лексема, мақал-мәтел және идиомаларды бірізді лингвомәдени салыстыру – бұған дейін жүйелі түрде зерттелмеген. Бұл – жұмыстың басты жаңашыл бағыты. Киім атауларының мифологемалық және концептілік құрылымын анықтау – этнолингвистикада осыған дейін жүйелі түрде қарастырылмаған, яғни мұның өзі диссертант тарапынан алғаш рет теориялық негізделіп отырған ірі ғылыми кадам. Лингвокультурама ұғымын ұлттық киім атаулары арқылы этнос болмысымен байланыстыру – жалпы киім атаулары ұғымының қолданылу аясын кеңейтіп,
5. Ғылыми жаңашылдық принципі	4.5 Автор ұсынған жана шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелдеріне негізделген; 4) талдау жоқ. 5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жана ма? 1) толығымен жана; 2) ішінара жана (25-75% жана); 3) жана емес (жанасы 25%-дан кем).	

		оны жаңа этномәдени дереккөздер арқылы байыту әрекеті авторлық жаңалық саналады.
		Салыстырмалы түрде локальдық ерекшеліктердің киім формасына ықпалын зерделеу – бұл тұжырым жалпы тіл біліміндегі, түркологиядағы жаңа деректерге негізделгендіктен теориялық және практикалық тұрғыдан өзекті.
		<i>Ішінара жаңа сипаттағы нәтижелер:</i>
		Макал-мәтелдер мен идиомалар арқылы концептіні ашу – жалпы тіл білімінде кездесетін тәсіл, бірақ оны киім дискурсына қатысты қолдану ішінара жаңалық.
		Салт-дәстүр мен әдет-тұрыштармен киімнің байланысын концепт ретінде қарастыру – бұрын қарастырылғанымен, оларды теориялық қырынан жанаша жүйелеу әрі түрік тілімен салыстыра зерделеу келгенде ішінара жаңалық болып саналады;
		Артефакт терминологиясы мен идеялық мазмұнның ұлттық киім арқылы түсіндірілуі – ғылыми айналымда кездесетін барыт болғанымен, бұл жұмыста этнолингвистикалық тұрғыда өзіндік интерпретация берілген.
		Үлгіні Монтанай Элмира Әзімбайқызының диссертациялық жұмысындағы ғылыми нәтижелердің едәуір бөлігі авторлық ізденіске негізделген, тын салыстырмалы лингвомәдени сараптаулар жасалған.
		Алайда зерттеудің кейбір компоненттері бұған дейінгі ғылыми еңбектерде жекелеген түрде қарастырылғандықтан, нәтижелер мен ережелерді "ішінара жаңа" деп бағалау – ғылыми тұрғыда орынды және әділ шешім.
5.2	Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	

1) толығымен жаңа;	
2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
	Монтанай Элмира Әзімбайқызының диссертациялық жұмысындағы қорытындылар мазмұны, теориялық жаңашылдығы және қолданбалы маңызы тұрғысынан толығымен жаңа ғылыми нәтижелер қатарына жатады. Автор алғаш рет қазақ және түрік этностарының ұлттық киім атауларын артефакт, культиурема, лингвокультурема және мифологема ұғымдары арқылы дискурстық кеңістікте салыстыра отырып, ұлттық болмыстың, мәдени кодтың, дүниетанымының тілдік репрезентациясын кешенді әрі жүйелі түрде сипаттап берген. Зерттеу барысында: • ұлттық киімнің дискурстық сипаты мен мәдени-танымдық салмағы жаңа теориялық негіздермен дәлелденіп; • тіл мен мәдениет тоғысында киім атауларының символдық мәні мен қызметі анықталып; • жас, жыныс, дін, аймақтық ерекшелікке қарай ұлттық киім модельдері түзілуі – бұрын-соңды ғылыми айналымда болмаған тың жаңалық; • мақал-мәтелдер мен идиомалар арқылы киім концептілерінің коннотациялық өрісі нақты этномәдени контексте алғаш рет толыққанды талданған. Сонымен қатар, автордың жасаған тұжырымдары тек тілдік құбылысты сипаттап қана қоймай, ұлттық бірегейлік пен мәдени естелікті жаңғыртудың ғылыми-практикалық жолдарын ұсынады. Осыған орай, диссертациялық жұмыста ұсынылған барлық негізгі қорытындылар дербес авторлық ізденістің, тың концептуалдық модельдің нәтижесі болып табылады. Сол себепті, диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа деп ғылыми тұрғыдан негізделген баға беруге толық негіз бар.

	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Монтанай Әлмира Өзімбайқызының диссертациялық жұмысында тікелей техникалық немесе технологиялық шешімдер ұсынылмағанымен, зерттеу нәтижелері этномәдени мұраны басқару, ұлттық бірегейлікті нығайту және мәдени саясатты жүзеге асыру тұрғысынан маңызды практикалық тұжырымдар ұсынады. Ұлттық киім курсының лингвомәдени тұрғыдан зерделеу арқылы автор ұлттық мәдени кодты сақтаудың және оны жандырудың ғылыми негізделген жолдарын ұсынған. Бұл тұжырымдар білім беру бағдарламаларын, мәдениет және идеология саласындағы саясаттарды, сондай-ақ ұлттық бренд қалыптастыру сияқты басқарушылық шешімдерді әзірлеуде қолдануға болады. Осыған орай, зерттеу жаңама түрде болса да, мәдени мұраны басқару, насихаттау және танымдық-ұйымдастырушылық шешімдерге негіз болады. Сол себепті диссертациялық жұмыстағы ұсыныстар мен қорытындылар ішінара жаңа деп бағаланады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін). Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары гуманитарлық ғылымдарға тән сапалық (qualitative research) әдістер негізінде жан-жақты дәлелденген. Монтанай Әлмира Өзімбайқызы ұлттық киім лексикасы мен курсының сипаттауда сөздік пен оның қолданысын, семантикалық мәнін идиомалар мен мақал мәтелдер арқылы, салт- дәстүрдегі интерпретацияларды кеңінен қолдана отырып, әрбір тұжырымын нақты мысалдармен, теориялық негіздермен және салыстырмалы талдаумен негіздеген. Сондықтан барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерде негізделген деп толық сеніммен айтуға болады.

7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Колдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелерге сүйене отырып, диссертанттың ұсынған қағида-тәртіптерге тоқталсақ: 7.1 Ғылыми жұмыста қағида-тәртіптер дәлелденген. 7.2 Ғылыми жұмыста қағида-тәртіптер тривиалды емес. 7.3 Ғылыми жұмыста қағида-тәртіптер жаңа. 7.4 Ғылыми жұмыстағы қағида-тәртіптердің қолдану деңгейі кең ауқымды. 7.5 Ғылыми жұмыстағы қағида-тәртіптер алты мақалада дәлелденген. Соның ішінде, бір мақала Scopus ғылыми дерекқоры базасына кіретін басылымда, төрт мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім сапасындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің басылымдарда, бір мақала халықаралық ғылыми конференциялардың материалдарында жарияланған.
----	--------------------------------------	---	--

8.	Дәйектілік қағидапы.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертациялық жұмыста қолданылған әдіснама нақты жазылған және зерттеу міндеттері мен мақсатына сәйкес ғылыми негізделген. Монтанай Элимира Әзімбайқызы сапалық зерттеу тәсілдерін (салыстырмалы, сипаттамалы, дискурсивті, лексика-семантикалық, т.б.) орынды қолданып, оларды теориялық негіздермен үйлестіре білген.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерімен пайдалана отырып алынған:	Иә. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы интернет желісі арқылы сауалнама жүргізіліп, нәтижелерін қорытындылау арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін, соның ішінде, жауаптарды талдау, жүйелеу және визуализациялау құралдарын пайдалана отырып алынған. Зерттеу барысында қазақ және түрік этностарына тән ұлттық киімге қатысты лексикалық бірліктер мен тұрақты тіркестердің семантикалық, символдық және дискурстық ерекшеліктері сапалық тұрғыда өңделіп, оларды визуалды ұсыну мақсатында кестелер, диаграммалар мен үлгілік құрылымдар жасалған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
			Диссертацияның ресімделу деңгейі жоғары. Зерттеу жұмысында ұлттық киім атаулары мен оларға қатысты мақал-мәтелдер, идиомалар мен сәт-дәстүрлер, әртүрлі аспектіден талданып, олардың лингвомәдени мазмұны мен этносемантикалық ерекшеліктері жүйеленген. Бұл материалдар түрлі кестелер мен

		сызбалар арқылы ұсынылып, автор өз тұжырымдары мен нәтижелерін көрнекі әрі түсінікті түрде ұтымды жеткізе білген.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Иә. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерімен пайдалана отырып алынған. Зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, тұжырымдар мен ұсыныстар нақты лингвомәдени материалдармен, ұлттық киімге қатысты тілдік деректермен және ғылыми пікірлермен сүйемелденіп, дәлелді түрде негізделген.
	1) ия;	
	2) жоқ.	Диссертанттың авторлық тұжырымдары нақты тілдік мысалдар арқылы талданып, олардың семантикалық, символдық және мәдени мазмұны ашылған. Жұмыстағы киім атауларына қатысты мақал-мәтелдер мен идиомалардың этномәдени-лингвомәдени астарларын айқындау теориялық тұрғыда манызды болумен қатар, практикалық тұрғыдан да құнды нәтижелерге қол жеткізген. Мәселен, қазақ және түрік тілдеріндегі ұлттық киім лексикасы мен оған қатысты тұрақты тіркестерді қазақ-түрік лингвомәдени байланыстары бойынша арнайы курстарда, мәдениетаралық коммуникация мен аударма тәжірибесінде, сондай-ақ екі тілді сөздіктерді құрастыру үдерісінде қолдануға болады. Сонымен бірге, ұлттық киімге қатысты дискурстық және лексикалық материалдар қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда, әсіресе тақырыптық мәдени модульдер құрастыруда пайдалы бола алады. Бұл зерттеу лингвомәдени білімді тереңдетіп қана қоймай, қазақ

			және түрік этностарының мәдени мұрасын тіл арқылы тануға мүмкіндік береді.
	8.4 Мамызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.		Диссертациялық жұмыста келтірілген мамызды тұжырымдар мен ғылыми мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Автор отандық және шетелдік (соның ішінде түрік) лингвистика, этнография, мәдениеттану және этнолингвистика салаларындағы іргелі еңбектерге сүйене отырып, өз көзқарасын ғылыми негізде дәлелдеген. Теориялық тұтырлар мен салыстырмалы талдаулар тиісті дереккөздермен қамтамасыз етілген. Сондықтан бұл тармақ бойынша баға: расталған .
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.		Диссертациялық жұмыста қамтылған әдебиеттер саны мен құрамы зерттеу тақырыбының ауқымына және ғылыми міндеттеріне сай. Автор лингвомәдениеттану, этнолингвистика, дискурс теориясы, түркітану, этнография, мәдениетаралық коммуникация салалары бойынша қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдеріндегі отандық және шетелдік зерттеулерді қамтыған. Әдеби шолу мазмұнды, теориялық ұстанымдармен үйлесімді және дереккөздермен дәлелденген. Сондықтан: әдеби шолу үшін жеткілікті деп бағаланады.
9	Практикалық құндылық қамидаты	9.1 Диссертацияның теориялық мамызы: 1) бар; 2) жоқ.	Зерттеу жұмысы лингвомәдениеттану мен этнолингвистика саласына, әсіресе ұлттық киім дискурсын талдау арқылы тіл мен мәдениеттің өзара байланысын түсіндіруге үлес қосады. Қазақ және түрік этностарының ұлттық киім атауларының семантикалық, символдық және дискурсивтік ерекшеліктерін салыстыра отырып зерттеу – осы тақырыпта теориялық негізді кеңейтеді және түркі әлемі тілдерінің мәдени кодын сипаттауда мамызды

		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	база қалыптастырады. Сондықтан: теориялық маңызы бар деп бағаланады. 1) ия. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ұлттық киім атаулары мен олардың лингвомәдени мазмұнын талдауға негізделгендіктен, оларды келесі практикалық салаларда тиімді қолдануға болады: • казак және түрік тілдерін мәдени контексте оқытуға (шет тілі ретінде де); • мәдениетаралық коммуникация мен аударма тәжірибесінде; • лингвомәдени сөздіктерді құрастыруда; • этнолингвистикалық сипаттағы оқу құралдары мен бағдарламаларын әзірлеуде; • ұлттық мұраны жаңғыртуға бағытталған жобалар мен көрмелік экспозицияларда. Зерттеу нәтижелерінің практикалық қолдану аясы кең, сол себепті бұл тармақ «иә» деп бағаланады.
	9.3 Практикалық ұсыныстар жана ма?		Диссертациялық жұмыста ұсынылған практикалық бағыттар – мысалы, ұлттық киім атаулары мен дискурстың лингвомәдениет аясында тіп оқытуға, мәдениетаралық коммуникацияда және сөздік құрастыруда қолдану – бұрын белгілі кейбір тәсілдерге сүйенеді. Дегенмен, казак және түрік этностарының ұлттық киіміне қатысты нақты салыстырмалы материалдарды , дискурстық өзгешеліктерді және этносемантикалық мағыналарды енгізу арқылы автор жана тәсілдер мен үлгілер ұсынған . Сондықтан ұсыныстар толық жанаалық болып табылмаса да , зерттеу объектісі мен әдісі тұрғысынан өзіндік жаңашылдықтары бар - бұл жағдайда әділ баға: ішінара жана .
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертациялық жұмыс ғылыми стиль талаптарына сай жазылған. Автор ойды нақты, тұжырымды және
	1) жоғары:		

		2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	логикалық жүйемен жеткізеді. Терминология дұрыс қолданылған, академиялық дәйектілік сақталған, цитаталар мен сілтемелер орынды берілген. Зерттеу құрылымы да талапқа сай рәсімделген: кіріспе, теориялық және практикалық бөлімдер, қорытындылар арасында мазмұндық сабақтастық бар. Осының негізінде: жоғары деп бағаланады.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық құндылығына нұсқан келтірмейтін, алайда айдаты зерттеулеріне негіз болатын төмендегі ұсыныстарды атап өтеміз: 1. Диссертациялық жұмыстың алғашқы тарауы жалпы теориялық мәселелерге арналған. Осы бөлімде кейбір орыс ғалымдарының еңбектерінен алынған цитаталардың аудармасы аса сәтті шықпаған деп ойлаймыз. Диссертант мұндай цитаталарды түпнұсқа күйінде бергені дұрыс болар ма еді деп ойлаймыз. 2. Диссертация материалдарында келтірілген кейбір киім атауларынан жасалынған илиомалардың жасалу уәжделмесіне тереңірек талдаулар жасалынғанда диссертация жұмысының құндылығы арта түсер еді.
12.	Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация макалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Монтанай Элмира Өзімбайқызының «Қазақ және түрік этностарының ұлттық киім дискурсын қалыптастырудағы лингвомәдени компоненттер» атты диссертациялық жұмысының ғылыми нәтижелері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Шығыстану факультеті Түріктану және шығыс елдерінің тарихы кафедрасының 2025 жылғы отырысында талқыланып, оң бағасын алған. Зерттеу нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланып, ғылыми қауымдастық тарапынан қолдау тапқан. Диссертация тақырыбы бойынша жалпы алғанда 6 ғылыми мақала жарық көрген. Оның ішінде 1 мақала - халықаралық беделді Scopus дерекқорына енген шетелдік ғылыми мақала жарық көрген. Оның ішінде DerGISi), 4 мақала - ҚР ҒЖБМ Ғылым саласындағы сатаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарда, 1 мақала - халықаралық конференция материалдарында жарияланған. Сонымен қатар, диссертант пен ғылыми жетекшісіне 2025 жылғы 31 наурызда берілген №56196 авторлық құқық куәлігі осы зерттеу жұмысының зияткерлік меншік нысаны ретінде тіркелгенін растайды.	Жалпы, жарияланған мақалалар диссертациялық жұмыстың ғылыми мазмұнын, құрылымдық жүйелілігін, жанашылдығы мен практикалық маңызын толық ашып көрсетеді. Мақалалардағы

	тұжырымдар зерттеу нәтижелерімен логикалық сабақтастықта берілген және PhD дәрежесіне қойылатын талаптарға толық сай келеді деп бағаланды.
13. Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ережесінің 28-тармағына сәйкес)	8D02209 – <i>Шығыстану</i> мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Монтанай Элмира Әзімбайқызының «Қазақ және түрік этностарының ұлттық киім дискурсын қалыптастырудағы лингвомәдени компоненттер» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қазіргі лингвомәдениеттану, этнолингвистика және шығыстану ғылымдарының талаптарына сай келетін, ғылыми жаңалығы мен теориялық негізі бар мазмұнды зерттеу болып табылады. Жұмыста қазақ және түрік этностарының ұлттық киім атауларының тарихи-мәдени, әлеуметтік және символдық мағынасы терең талданып, олардың дискурстық және лингвомәдени репрезентациясы салыстырмалы тұрғыда зерттелген. Автор өз тұжырымдарын нақты тілдік материалдар мен ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып дәлелдей алған. Зерттеу нәтижелері тіл мен мәдениеттің өзара байланысын ашуға, ұлттық кодты тануда және түрік халықтарының мәдени мұрасын зерделеуде маңызды ғылыми үлес қосады. Жұмыс құрылымы, зерттеу әдіснамасы мен мазмұндық тереңдігі, сондай-ақ алынған нәтижелердің практикалық қолдану аясы (тіл оқыту, мәдениетаралық коммуникация, аударма, лингвомәдени сөздік жасау, т.б.) бұл зерттеудің шығыстану мамандығына сай жоғары деңгейде орындалғанын көрсетеді. Монтанай Элмира Әзімбайқызының аталған диссертациялық жұмысы мазмұны мен ғылыми деңгейі тұрғысынан 8D02209 – <i>Шығыстану</i> мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:


1) **философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;**

Ресми рецензент:

Филология ғылымдарының докторы,

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың профессоры

(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)



Қалыбаева Қ.С.

(Аты-жөні)